

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 475 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2019 жылғы 30 қыркүйектегі № 43-Ө бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 30.09.2019 № 43-Ө (30.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті туралы ереже бекітілсін.

2. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.09.2018 № 379 бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) мемлекеттік орган және оған Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық актілерімен және осы Ережемен жүктелген су қорын пайдалану және қорғау саласындағы стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құзыреті шегінде жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет Министрлікке ведомстволық бағынысты, мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болады.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымын, штаттық санын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрімен (бұдан әрі – Министр) келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы (бұдан әрі – Жауапты хатшы) бекітеді.

8. Комитеттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.05.2019 № 209 бұйрығымен.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Комитеттің аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес комитет қарамағындағы аумақтық бөлімшелер тізбесіне және 2-қосымшаға сәйкес Комитеттің ведомстволық бағынысты бөлімшелері тізбесіне сәйкес ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

11. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

13. Комитет Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түспейді.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің негізгі мақсаттары, функциялары, құқықтары және міндеттері

14. Мақсаттары: су ресурстарын басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша үйлестіруді қамтамасыз ету, стратегиялық, реттеушілік, атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) арнайы су пайдалануға рұқсаттарды келіседі;

2) су объектілерін кешенді пайдаланудың және қорғаудың бассейндік схемаларын келісуге, бассейндік келісімдерді дайындауға, сондай-ақ өз құзыреті шегінде су ресурстарын басқарудың бассейндік қағидатын іске асыруға қатысады ;

3) өз құзыретіне сәйкес су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) өз құзыреті шегінде су қорғау аймақтарында және белдеулерінде шаруашылық қызметтің режиміне қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) арнайы су пайдалануға рұқсат беруге арналған өтініште көрсетілетін мәліметтерді айқындайды;

6) су шаруашылығы ұйымдарының қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

7) су объектілерінің бассейндері бойынша табиғат қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық су жіберу көлемдерін белгілейді;

8) жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, әрбір су объектісінің бассейні үшін судың жай-күйі мен сапа өлшемшарттарының нысаналы көрсеткіштерін әзірлейді;

9) жылдың жауындылығын, су объектілерінің экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйін ескере отырып, су пайдаланудың жыл сайынғы лимиттерін нақтылайды;

10) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, су ресурстарын пайдаланудың республикалық ақпараттық-талдау жүйесін құрады;

11) су объектілерінің ақпараттық дерекқорын құрады және оған барлық мүдделі адамдардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

12) су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға қабылдау-беру жөніндегі жұмысқа қатысады, су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылыстарының және құрылыс, су түбін тереңдету және өзге де жұмыстарды жүргізу жобаларын келіседі;

13) су объектілерін бірлесіп пайдалануға беруді келіседі;

14) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының жай-күйін жақсартуды және балық қорларының өсімін молайтуды қамтамасыз ететін балық өсіру және мелиорациялық-техникалық іс-шараларды келіседі;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген тәртіппен және негіздерде арнайы су пайдалануға рұқсаттар беруді, олардың қолданылуын тоқтатуды және кері қайтаруды жүзеге асырады;

16) мемлекеттік су кадастрында қамтылған ақпаратқа мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

17) су шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды дайындайды және іске асырады;

18) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру (елді мекендерде орналасқан су шаруашылығы және су бұру жүйелерінен басқа) саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады;

19) республикалық меншіктегі су объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануды ұйымдастырады;

20) елді мекендер шегінен тыс жерлерде су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы жобалау, іздестіру, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды ұйымдастырады;

21) судың және оны пайдаланудың мемлекеттік есебін, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

22) орталық атқарушы органдар әзірлеген өндіргіш күштерді және экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемаларының құрамында су ресурстарын пайдалану және қорғау болжамдарын су ресурстарын пайдаланудың жол берілетін деңгейі тұрғысынан келіседі;

23) экономика салаларында су тұтынудың үлестік нормаларын келіседі;

24) Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзушылықтарды жою шараларын қабылдайды;

25) ерекше қорғалатын су объектілеріндегі су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларының, оларда белгіленген шаруашылық қызметі режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

26) трансшекаралық сулар туралы халықаралық келісімдердің шарттары мен талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

27) су объектілері бойынша су тұтыну мен су бұрудың белгіленген нормалары мен қағидаларының, лимиттерінің, сондай-ақ суды пайдалану режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

28) Су жинау құрылыстарын, су шаруашылығы жүйелерін және су қоймаларын пайдалану қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

29) су объектілерінен жиналатын су мен оларға жіберілетін су мөлшерін бастапқы есепке алуды жүргізудің, су сапасын айқындаудың дұрыстығын, суды пайдалану мен жіберуді есепке алуға арналған жабдықтар мен аппаратураның болуын, жарамды жай-күйін және мемлекеттік аттестаттау мерзімдерінің сақталуын, су пайдаланушылардың белгіленген есептілік мерзімдерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

30) жеке және заңды тұлғалардың арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттарда белгіленген шарттар мен талаптарды, сондай-ақ судың зиянды әсеріне (топан су, су басу, су алу, жағалауларды бұзу және басқа да зиянды құбылыстар) қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың орындауын бақылауды жүзеге асырады;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізудің және су объектілерін пайдалану мен қорғау бөлігінде жерүсті және жерасты суын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

33) су объектілерін өз бетімен пайдалануға, су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерінің аумақтарында өз бетімен құрылыс салуға жол берілмеуін бақылауды жүзеге асырады;

34) суды ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы ғылым мен техника жетістіктерінің, озық тәжірибенің, су тұтынудың үлесін азайту жөніндегі іс-шаралардың кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда енгізілуін бақылауды жүзеге асырады;

35) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасының болуын және оның экономика салаларының объектілерін салуға, реконструкциялауға, техникалық қайта жарақтауға және су объектілерін, олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін пайдалану мен қорғауға байланысты өзге де қызметке сәйкес келуін бақылауды жүзеге асырады;

36) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

37) жалпы республика бойынша негізгі өзендер мен басқа да су объектілерінің бассейндері бойынша су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемасын әзірлейді;

38) бассейндік схемалар негізінде өзендер бассейндері бойынша суды пайдалану лимиттерін және су объектілеріне рұқсат етілген шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлейді;

39) Комитеттің, Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің бюджеттік өтінімдерін дайындауды, оны Министрлікке ұсынуды, сондай-ақ бюджеттік процестің өзге де рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді;

40) су қорын пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік бақылау жүргізуді ұйымдастырады;

41) бассейндік қағидат негізінде гидрографиялық бассейннің су ресурстарын кешенді басқаруды жүзеге асырады;

42) оң экономикалық әсерге, қисынды, адал және экологиялық орнықты су пайдалануға қол жеткізу мақсатында су ресурстарын пайдалану бойынша су қатынастары субъектілерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

43) су объектілерін қалпына келтіру және қорғау туралы бассейндік келісімдерді дайындауды және іске асыруды жүзеге асырады;

44) бассейндер бойынша су объектілерінің мемлекеттік есебін, мемлекеттік су кадастрын және мемлекеттік мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

45) заңнамада белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалануға рұқсат беруді, қолданысын тоқтата тұруды және қайтарып алуды жүзеге асырады;

46) тиісті бассейннің су объектілерін оңтайлы пайдалану бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының жоспарларын келісуді жүзеге асырады;

47) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды салу орындарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды келісуді жүзеге асырады;

48) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды салу мен реконструкциялау жобаларының жоба алдындағы құжаттамаларын; су объектілерінде, суды қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбаларды, су өсімдіктерін өндіру бойынша жарылыс жұмыстарын, кәбілдерді, құбырларды және басқа да коммуникацияларды өткізу, орманды кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды өткізу туралы құжаттарды; су объектілерінің жай-күйін сақтау, жақсарту бойынша су пайдаланушылардың іс-шаралар жоспарларын келісуді жүзеге асырады;

49) судың жай-күйіне әсер ететін өндірістік, ауыл шаруашылығы және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді пайдалану жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың жұмысына, сондай-ақ табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың орын алуы нәтижесінде туындаған салдарларды жою жөніндегі жұмыстарға қатысады;

50) суды пайдаланушылар бөліндісінде және тиісті бассейн бойынша суды пайдалану лимиттерін айқындайды;

51) су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру бойынша конкурсты ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;

52) алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.03.2019 № 88 бұйрығымен;

53) тиісті бассейннің суларын кешенді пайдалану және қорғау схемасын, су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану қағидаларын келіседі;

54) тиісті бассейн бойынша су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеуге қатысады;

55) су объектілерін оқшауланған және бірлескен пайдалануға беру туралы ұсыныстарды және ондағы суды пайдалану шарттарын келіседі;

56) су қорын ұтымды пайдалану және қорғау жөнінде өткізілген жұмыстар туралы, судың жай-күйі мен сапасын жақсарту бойынша қабылданған шаралар туралы халықты хабардар етеді;

57) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен су

қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

58) су қорын ұтымды пайдалану және қорғау ісінде халықты ағарту және тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жүргізеді;

59) арнайы суды пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар суды алу немесе бұру құрылыстарында немесе қондырғыларында орнататын суды есептеу құралдарына пломба қояды және тіркейді;

60) салық органына бергенге дейін жерүсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша салық есептерін куәландыруды жүзеге асырады;

61) бассейндік кеңес жұмысын, бассейннің аумағында су қорын пайдалану және қорғау мәселелері бойынша бассейндік кеңес мүшелерімен консультациялар жүргізуді, бассейндік кеңес дайындаған ұсынымдарды талдауды, оларды іске асыру бойынша шараларды жүзеге асыруды, бассейндік кеңестің ұсынымдарын мүдделі мемлекеттік органдар мен суды пайдаланушыларға жеткізуді ұйымдастырады;

62) облысаралық, өңіраралық, мемлекетаралық су объектілері бойынша су алу және су бөлу жоспарларын әзірлейді және олардың сақталуын бақылайды;

63) су қорын пайдалану мен қорғауды, Қазақстан Республикасының су заңнамасын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

64) бірлесіп пайдаланудағы су қоймаларының, салааралық, облысаралық және мемлекетаралық маңызы бар ірі су қоймаларының жұмыс режимін бақылауды жүзеге асырады;

65) оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерін пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалардың белгіленген су сервитуттарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

66) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен судың жай-күйіне әсер ететін, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су тарту саласында белгіленген нормалар мен қағидаларды бұзумен жүзеге асырылатын су шаруашылығы және өзге де объектілерді қаржыландыруды, жобалауды және салуды тоқтату туралы талаптар қояды;

67) кінәлілерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тарту үшін Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзу туралы материалдарды құқық қорғау органдарына және сотқа тапсырады;

68) Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзған жағдайда мемлекетке келтірілген залалды өтеу туралы талап-арыздарды сотқа ұсынады;

69) мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізуін ұйымдастырады;

70) республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаттарын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындау бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

71) "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

72) бөгеттер иелерінің бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгілеген талаптарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

73) су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимдерін белгілеу жөніндегі жобалау құжаттамасын келіседі;

74) ауыз су сапасындағы жер асты суларын ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануды келіседі;

75) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлердің белгіленуін келіседі;

76) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын әуесқой және спорттық балық аулау үшін пайдалануды келіседі;

77) бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын тіркейді;

78) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, салалық жұмыс берушілер бірлестіктерімен және салалық жұмыскерлер бірлестіктерімен бірлесіп, кәсіби стандарттар әзірлеуге қатысады;

79) ағаш ағызу үшін пайдаланылатын су объектілерінің тізбесін және оларды тазарту тәртібін келіседі;

80) ұйымдарды бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттаудан өткізеді;

81) бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу өлшемшарттарын айқындайтын қағидаларды және бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын әзірлейді;

82) су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесін әзірлейді және бекітеді;

83) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жерүсті су объектілері үшін су сапасының стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

84) тіркеу шифрларын беру үшін бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясын тіркейді;

85) су объектілерінде және (немесе) су қорғау аймақтарында (су қорғау белдеулерін қоспағанда) жаңа объектілерді (ғимараттарды, құрылыстарды, олардың кешендерін және коммуникацияларды) жобалауды, салуды және орналастыруды, сондай-ақ олар алып жатқан жер учаскелері су қорғау аймақтарына және белдеулерге немесе өзге де ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызылғанға дейін тұрғызылған қолданыстағы объектілерді реконструкциялауды (кеңейтуді, жаңғыртуды, техникалық қайта жарақтандыруды, қайта бейіндеуді) келіседі;

86) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

87) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын әзірлеуге қатысады;

88) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

89) өз құзыреті шеңберінде халықаралық шарттарды жасасу және шарт күшін жою бойынша ұсыныстар енгізеді;

90) өз құзыреті шеңберінде халықаралық шарттарды жасасу және шарт күшін жою жөніндегі жұмыстарды жүргізеді, сондай-ақ оларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

Комитет Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.03.2019 № 88 бұйрығымен.

15. Комитеттің құқықтары және міндеттері:

1) Комитет құзыретіне кіретін өндірістік қызмет мәселелерін жедел шешуді қамтамасыз ету үшін Министрліктің құрылымдық бөлімшелерімен өзара қатынасқа түсу;

2) өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан Комитет құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуге қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұрату және алу;

3) өз қызметінің барлық мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

16. Комитеттің міндеті Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау болып табылады, оның ішінде:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметті тұтынушылардың мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттандырылуын қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бағалау жүргізу үшін мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау жөніндегі уәкілетті органға, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға тиісті ақпарат беруге қатысу;

4) қоғамдық мониторинг жүргізетін коммерциялық емес ұйымдарға заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті ақпарат беруге қатысу;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызметті тұтынушылардың шағымдары мен өтініштерін қарау.

3-тарау. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

17. Комитет заңнамалық актілерге, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерге ие.

18. Комитетке басшылықты Комитет төрағасы жүзеге асырады, ол Комитетке жүктелген міндеттерді орындау және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

19. Комитетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын төраға басқарады.

20. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары бар.

21. Комитет төрағасының өкілеттіктері:

1) өзінің құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

2) Министрліктің басшылығына Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің құрылымы мен штат саны жөнінде ұсыныстар береді;

3) Комитет төрағасының орынбасарларынан басқа, Комитет қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

4) Министрліктің Жауапты хатшысына аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы, сондай-ақ оларды көтермелеу және тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдар енгізеді;

5) өзінің орынбасарларын, Комитет қызметкерлерін, аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты

ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

6) өзінің құзыреті шегінде Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапкершілікте болады;

7) Комитет төрағасының орынбасарлары мен аумақтық бөлімшелер басшылары және олардың орынбасарларынан басқа, Комитет қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын ынталандырады және оларға тәртіптік жаза қолданады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының орынбасарларынан басқа, Комитет қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын іссапарға жіберу, оларға еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, ынталандыру, үстемеақы мен сыйақы төлеу мәселелерін шешеді;

9) Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларын және басшы орынбасарларын іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру мәселелерін шешеді;

10) Комитеттің аумақтық бөлімшелердің басшылары болмаған уақытта оның міндеттерін уақытша орындау басшы орынбасарына немесе Комитеттің аумақтық бөлімшесін басқа қызметкеріне жүктейді;

11) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің және қарамағындағы аумақтық бөлімшелерінің ережелерін және өзінің құзіреті шегінде Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының құрылтай құжаттарын бекітеді;

12) Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының құрылымын бекітеді және штаттық кестесіне келісім береді;

13) нысаналы бюджет қаражаттары есебінен қаржыландырылатын объектілерді салуға жобалау-сметалық құжаттаманы немесе техника-экономикалық негіздемені заңнамада белгіленген тәртіппен бекітеді;

14) реттелетін салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды;

15) аумақтық бөлімшелердің Комитетпен өзара іс-қимыл жасау құзыреті мен тәртібін айқындайды;

16) аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың актілерінің қолданылуын жояды не толық немесе ішінара тоқтатады;

17) мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда сенімхатсыз Комитеттің өкілі болады;

18) Қазақстан Республикасының заңдарына және Президентінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Комитет төрағасының орынбасары:

- 1) өз өкілеттіктері шегінде Комитеттің қызметін үйлестіреді;
- 2) төраға болмаған кезеңде Комитеттің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23. Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Комитеттің атынан Министрліктің басқа құрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін құжаттарға Комитет төрағасы және оның орынбасары, олар болмаған жағдайда, оны алмастыратын адам қол қояды.

24. Комитет қабылдайтын шешімдер Комитет төрағасының, ал ол болмаған жағдайда, оны алмастыратын адамның бұйрықтарымен ресімделеді.

Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

25. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитет өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығара алмайды немесе оған өзгедей тәсілмен билік ете алмайды.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және жою

28. Комитетті қайта ұйымдастыру және жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Су ресурстары комитеті
туралы ережеге 1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Су ресурстары комитетінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің
тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалану реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
4. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
5. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
6. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
7. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
8. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Су ресурстары комитеті
туралы ережеге 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының тізбесі

1-тарау. Республикалық мемлекеттік мекемелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Аймақтық гидрогеологиялық-мелиоративтік орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазагромелиосушар" республикалық әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2-тарау. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.